



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Өндіріс өркендеген жыл

Өркениет. Өндіріс. Өріс. Осы үш сөз жыл соңындағы аймақ тынысын мейлінше дәл анықтап тұрғандай. Орталық Қазақстан үшін 2025 жыл тек дәстүрлі индустрияның емес, қайта өңдеу саласының да қарқыны ерекше сезілген кезең болды. Соңғы он айда ғана 4 трлн теңгенің өнімі шығарылып, қазандығы қайнаған зауыттар мен цехтар бір сәтке де саябыр таппағанын айғақтады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезекті баспасөз туры барысында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлібек Молдақарымов бізге осының бәрін санмен де, мысалмен де тарқатып берді. Өндірік өнеркәсіп картасын ақтара қараған болсақ, алдымен көзге түсетіні – металлургия. Одан қалса, құрылыс индустриясы, химия өндірісі, машина жасау саласы да биыл өзгеше екпінмен алға ұмтылған. Көш



бастаған Qarmet пен «Қазақмыс» компанияларының салмағы айқын сезіледі: қуаттылығы артқан пештер, жаңғыртылған агрегаттар, «жасыл» технологияларға бет бұрған өндірістік желілер өндіріс экономикасына жаңа тыныс беріп отыр. Инвестициялық бағдарлама да биыл «құрғақ жоспар» деңгейінде қалған жоқ. Жалпы құны 358 млрд теңгеге жетіп, нақты жобаларға айналып үлгерген.

– Кәсіпорындарды модернизациялау шеңберінде прокат, болат, шойын өндірісінде ілгерілеу бар. Өсім – 5%. Бұл – қағаздағы пайыз емес, қуаттылығы артқан пештердің, жаңартылған конвейерлердің, тозығы жеткен желілердің қайта тыныс алғанының белгісі. Әсіресе, Saran өндірістік аймағы биыл өндірістің жаңа магистраліне айналды. Мұнда бүгінгі күннің өзінде 2 000-ға тарта автобус құрастырылып, жарты миллионға жуық автокөлік шинасы шығарылған. 250 мыңға тарта тұрмыстық техника таспа бойымен үздіксіз жол тартып жатыр. Өндіріс жаңа өндірістік идеологиясы осылайша өрбіп келеді.

➤ 2-бет

• ӘЛЕУМЕТ

Зейнетақы өседі

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жаңа жылдан бастап елімізде әлеуметтік төлемдердің бірқатар түрі қайта есептеліп, зейнетақы мен әлеуметтік стандарттардың мөлшері ұлғаяды. Жаңа жылда ең төменгі зейнетақы 69 049 теңге болып бекітілсе, мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 35 596 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдер мен айыппұлдарды есептеуде қолданылатын айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 4 325 теңгеге, ал, еңбек нарығындағы ең төменгі жалақы 85 000 теңгеге дейін өседі. Елдегі халықтың ең төменгі тұтыну деңгейін айқындайтын күнкөріс 50 851 теңге болып белгіленді. Бұл өзгерістер әлеуметтік қолдауды күшейтіп, азаматтардың табыс деңгейінің артуына ықпал етуді көздейді.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Баға ұдайы бақылауда

Үкімет басшысы Олжас Бектенов отандық дәрі өндірушілерге бағаны жасанды түрде қымбаттатпау жөнінде ескерту жасады. Оның айтуынша, соңғы жылдары бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттардың бағасы айтарлықтай төмендеген. Биыл ғана дәрі бағасын арзандату нәтижесінде мемлекет 36 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеген.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мысалы, онкологиялық препараттардың бірі – иматинибтің құны 9 450 теңгеден 2 348 теңгеге дейін төмендеген. Жекелеген дәрілік заттар бойынша баға 50%-дан 300%-ға дейін арзандаған. Үнемделген қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Премьер-Министрдің айтуынша, сатып алу бағасының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермеуі мүмкін. Дегенмен, мемлекеттік қолдау тек сапалы өнім жеткізетін әрі бағаны негізсіз өсірмейтін адал нарық қатысушыларына ғана көрсетіледі.

– Отандық фармацевтикалық өндірушілерге қолдау жалғасады. Бірақ бұл көмек тек бағаны жасанды көтермейтін, сапалы өнім ұсынатын адал компанияларға ғана беріледі, – деді Олжас Бектенов.

Қарағанды медицинасының қарқыны

Халықтың әл-ауқаты мен денсаулығы – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені, ел экономикасында адамның орны айрықша. Алдымен, денсаулықты нығайтуға халықтың өзі мүдделі болса, оған арнайы заң қабылдап, қызмет көрсету, жағдай жасау – мемлекеттің міндеті. Еліміздің медицина саласын дамытуда жүйелі шаралар қабылданауда. Бұл тұрғыда өмір тұрғындары үшін медицинаның онкология мен кардиология саласындағы маңызды жобаларына тоқталып өтелік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жабдық – ел игілігіне

Өндіріс медицина саласына «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жаңаша леп енгендей. Қор Қарағанды облысында аталған саланы дамытуға 24 миллиард теңге қаражат бөліп, 14 ірі жобаны жүзеге асыруда. Сол жобалардың алғашқысы – онкологиялық қызметті жабдықтау. Ем жүргізуге арналған жабдықтарға деген қажеттілік өңірде қатерлі ісікке шалдыққан науқастар санының артуымен байланысты болып отыр. Қоғамдық қор көмек көрсетуге қажетті жабдықтардың жеткіліксіздігін ескере отырып, бірнеше өңірде осы жоба бастамасын көтерді. Оның қатарында Қарағанды, Абай, Солтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ, Астана және Алматы қалалары бар. Аймақтардың онкологиялық ауруханалары-

на қор есебінен сызықтық үдеткіш және қосымша құрал-жабдықтар сатып алынған. Қарағандыдағы №3 көпбейінді ауруханаға әкелінген осындай аппараттардың жалпы сомасы 2 миллиард 650 миллион теңгені құрайды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының аға жобалық менеджері Зәуре Байменованың айтуынша, бұл жабдықтардың жүктемесі өте жоғары, өйткені, Қарағанды ғана емес, Ұлытау облысының науқастары да осы жерде ем қабылдайды.

2024 жылы алғашқылардың бірі болып, Қарағандыдағы №3 көпбейінді ауруханаға америкалық Varian компаниясының Halcyon моделіндегі сызықтық үдеткіш (линейный ускоритель) әкелінді. Бұл аппарат онкологиялық ауруларға шалдыққан пациенттерге сәулелік те-



рапия жүргізуге арналған. Былтыр тамыз айынан күні бүгінге дейін Halcyon сызықтық үдеткіші аппаратымен 764 пациент емделген. Ал, Siemens Somatom go.SIM 64 компьютерлік томография аппараты арқылы 1 373 науқасқа ем-дом шаралары қабылданған.

Қыркүйек айында «Қазақстан халқына» қоры ұйымдастырған

баспасөз турында бұл құрылыстарды көзбен көрген едік. Аурухана директоры Гамал Тоқсамбаев сызықтық үдеткіш аппараты қатерлі ісікке сәулемен әсер етіп, оның кішіреюіне, тіпті, кейде толық жазылуына ықпал ететінін айтқан болатын. Аппаратқа сұраныс өте жоғары, күніне 90 пациент ем алады. «Аппарат заманауи, оның

ішінде, компьютерлік томография орнатылған, бұл тек ісік жасушаларына әсер етіп, сау тіндерді зақымдамай, ем жүргізуге мүмкіндік береді. Соның арқасында науқастар қатерлі ісікті жеңіп келеді», – деген еді аурухана директоры Гамал Тоқсамбаев.

➤ 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны:

41-26-85,
8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail:

otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR
арқылы
жазылуға
болады

Өндіріс өркендеген жыл



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әр құрастырылған автобус – жаңа маршрут, әр шыққан шина – жолға сенім, әрбір техника – аймақтың өз қолымен жасаған ертені. 25 жаңа инвестициялық жоба іске асырылуда, – деді Әлібек Рысбайұлы.

Сайып келгенде, бұқаралық ақпарат өкілдері ат басын тіреген қос кәсіпорын – екі түрлі әлем, екі табыс тарихындай әсер қалдырады. Бірақ, бәрін біріктіретін бір нәрсе бар: нақты сектордың жедел жандануы.

«WEC Trade» кәсіпорнына жақын дағаннан-ақ цитрус пен лаванданың хош иісі мұрын жарды. Анығында иіс су фабрикасы емес, толық айналымды экологиялық тұрмыстық химия өндірісі.

Кәсіпорын маркетингологы Дина Беделбаева бізді асжарқын қалыпта қарсы алып, ішкері жақты аралата баяндады.

– Кәсіпорын атауы ресми түрде 2019 жылы пайда болғанымен, 2016 жылы қарапайым ғана автожуу бекетінен өрістетген серіктестігіміз. Сол кездің өзіне құрылтайшылар ай сайын қанша автохимия «ұшып» жатқанын көріп, бір тосын ойға келген-тін. «Мұны неге біз өзіміз шығармасқа?!» деген. Сол сәттерден бастап алғашқы өндіріс өнімі де жарық дүниеге есік ашты. Кейін уақыт өте келе түсінік те тереңдеді. Енді біз тек автокөлік иелеріне ғана емес, үйін таза әрі қауіпсіз ұстағысы келетін әрбір адамға пайда әкеле бастадық, – деді Дина.

Аумағы 1500 шаршы метр болатын алапта заманауи желілер, зертхана, қоймалар, ең бастысы, өз ісіне шексіз берілген адамдар аңғарылды. Қазір кәсіпорын кесетінде 80 түрлі өнім тұр. Экологиялық таза, тиімді, әрі «қазақстандық болғаны үшін» емес, шын мәнінде сапасы үшін таңдалатын өнімдер. Сикырлы құтылар ауызша айтсақ, Magnum, SMALL, Galmart сөрелерінде де, елдегі ірі желілерде де, Kaspi, Freedom, Halyk, Wildberries, Ozon сөрелерінде де кезегін күтіп тұр. Ал, ауыр қаннестрді көтеріп әуре болғысы келмейтіндерге де жеңіл шешім бар. Қоймадан тікелей жеткізу. Қазір мұндай онтайлы қоймалар Қарағанды, Астана, Алматы және Жезқазғанда жұмыс істеп тұр. Бұған қоса, маркетингтер арқылы бүкіл ТМД аумағына өнім таратылады.

Ең көп сатылатын өнімдер қатарында кір жуу гелдері тұрса, одан кейінгі қатарды тұрмыстық тазалағыш заттары, күнделікті көмекші құралдардан бастап, кәсіби клинингке арналған құрамды сұйықтықтар алады. Мұның бәрі – кәсіпорын зертханасында жаратылған дүниелер. Химик-технолог мамандар формулаларды күнбе-күн жетілдіріп отырады. Иә, базалық технологиялар – шетелдік. Бірақ, оны әлемдік брендтермен жұмыс істеген мамандар қайта өңдеп, отандық қалыпқа бейімдейді. Ең басты артықшылық, шағын әрі икемділік болса керек. Демек, жөнекей тұрмыстық химия өндірумен қаз-қатар ел ұялмай таңдайтын өнім жасалады. «Жүректен шыққан, жүрекке жететін өнім» дейді серіктестік өкілдері.

– Жаңа жыл қарсаңында Грузияға үлкен фура жөнелткелі жатырмыз. Ол жақтан керемет серіктес таптық. Бұған дейін Өзбекстанға да тауар жолдап тұратынбыз. Бұл тек бастамасы ғана. Екінші бір мықты бағытымыз – келісімшарттық өндіріс. Ассортиментін кеңейткісі келетін дайын брендтер бізге келеді. Біз болсақ, солардың атымен шығатын жаңа өнім жасап береміз. Бірақ, сапа өзгермейді. Сапа әр кезде жоғары деңгейде, – деп ағынан жарылды маркетинголог Дина Беделбаева.

Бүгінде атаулы ұжымда 50 адам қызмет етеді. Ай сайын өсіп, жаңа желілер сатып алып, ірі федералды желілерге шығуға даярлық бардай. Өткен жұмада серіктестіктің бас директоры Вячеслав Цой ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның үздік тауары» атты мәні бөлек марапатын иемденген. 2026 жылға жоспар – балаларға арналған экологиялық серия шығару және Қырғызстан мен Тәжікстан нарығына шығу.

Ал, «Kaz-metiz» ЖШС 1,8 млрд теңгеге жаңғыртудың алғашқы кезеңін аяқтады. Зауыт директоры Дмитрий Малаховтың үстінде компания логотипі бар қарапайым қара күртеше, сөзі байсалды. Миллиардтаған теңге мен мыңдаған тонна болатын емес, құндылықты нәрсені айтып тұрғандай қалыпта тұр.

– 2008 жылдың соңында бастадық ісімізді. Кәсіпорын туған күнін 2009 жыл деп санаймыз, – деп жылы жымиды ол.

– Алғашқы өнім жол шпалдарына сарп етілді. Кейіннен – жабын плиталарына. Сосын шахталарға арналған темір арқандар шығарылды. Міне, жаңа цех та даяр. Бұл да соңғысы емес.

Компания – Орталық Азияда дайын арматуралық арқан мен мырышталған сымға дейін толық айналыммен жұмыс істейтін жалғыз кәсіпорын. Әу баста бәрі мемлекеттік импортты алмастыру бағдарламасынан басталған. Он алты жыл ішінде өнім көлемі жылына бес мың тоннадан 35 мың тоннаға дейін өсті. Ендігі мақсат – 50 мың тоннаға жету.

– Болат арқан өндірісі ісінде биыл 63 жаңа жұмыс орнын аштық, – дейді директор. – Бағдарлама аяқталғанша 345 адамға жетеді. Орташа жалақы қазірдің өзінде 400 мың теңгеден асты. Ал, бюджетке жыл сайын шамамен 3,5 млрд теңге салық төлейміз.

Алға жүріп келе жатқанда, маңымыздан судай жылтырап тұрған мырышталған сым оралымдарын тиеген электрлік жүк көтергіш өтіп барады. Мұны Ресейдегі темір жол шпалдарын өндіретін зауыттары күтіп отыр. Бір бөлігі Өзбекстанға, бір бөлігі Беларуське жөнелтіледі. Алайда, басты бағыт – ішкі нарық. Орталық Азиядағы сұраныс – 73 мың тоннадай. «Оның басым бөлігін жаба аламыз. Ең бастысы, ұлттық компаниялар отандық өнімді алса, сонда экономика шынымен өседі», – дейді компания өкілдері.

– Бесжылдық инвестбағдарлама 2027 жылы аяқталады, – деп түйіндеді сөзін Дмитрий Малахов. – Есесіне, бұл нүкте емес, үтір. Сұраныс тұрақты болса, әрі қарай да даму соқпағына түсеміз.

Өңірдің өндірістік тынысы туралы әңгіме аяқталғанмен, зауыттар ішіндегі гүіл басылған жок. Әр цех, әр іске қосылған жаңа желі, әр дайын өнім аймақтың өзіне деген сенімін күшейтіп тұрғандай. Модернизацияланған металлургия, қанат жайған машина жасау, жаңа тыныс алған химия өндірісі, импорттық алмастырған отандық кәсіпорындар, бәрі бір арнаға қосылып, өңір экономикасының өрісін кеңейтті. Кәсіпкерлердің де, жұмысшылардың да жүзінен «болар істің» нышаны байқалды. Қолдан шыққан өнімнің тек ел ішінде емес, шетелде де сұранысқа ие болуы өзекті. Сырлы сапар бір шындықты қайта дәлелдеді: өндіріс – статистика емес. Өндіріс – адамдар деген. Өз ісіне адал инженерлер, металл ыстығына төзетін металлургтер, болаттың мінезін білетін шеберлер – олар. Олар жаңғырған агрегаттарды жандандырып, жаңа цехтарды іске қосып, болашаққа апарар көпірді күн сайын қайта салып жүр. 2025 жыл өңірге батылдық сыйлады. Ал, 2026-ның табалдырығында тұрған бүгінгі күн Орталық Қазақстанға жаңа міндет жүктеп отыр: басталған қарқыннан жаңылмай, сапаны жоғалтпай, технологияны жаңғыртып, өз еңбегінің өзіне қызмет ететінін көру. Желтоқсанның тылсым таңында өндірістік аймақ үстінен түтін емес, үміт көтеріліп тұрғандай. Ал, үлбір үмітті оятатын металл да, химия да, техника да емес. Тағы да адамдар. Өңір өміріне әр кіргізіп, ертеңіне сенетін еңбек адамдары.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Жаңа орталық іске қосылды



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Шахтинск қаласында «Заң мен тәртіп» концепциясы аясында заманауи Жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады. Құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған жаңа нысан қала қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Қауіпсіздік жүйесіне бүгінде 311 бейнебақылау камерасы қосылған. Сонымен қатар, 12 мектеп пен 13 балабақшадағы бақылау құрылғылары бірыңғай желіге біріктірілді. Бұл білім беру мекемелеріндегі жағдайды тәулік бойы онлайн бақылауға жол ашады.

Полиция департаменті бастығы Нығмет Исмағұлов орталықтың жұмысымен танысып, кейбір учаскелердегі бақылау деңгейін арттыруды тапсырды. Оның ішінде, халық көп шоғырланатын аумақтарға ақылды камералар орнату және бейнебақылау желісін кеңейту жоспарланды.

Қалалық полиция бөлімінің кезекші бөлімі бастығы Ерасыл Дүйсекеев жаңа орталықтың алғашқы нәтижелерін атап өтті.

– Бүгінде Жедел басқару орталығы

тәртіпті қамтамасыз етуде және қылмыстарды ашуда маңызды рөл атқарады. Оның көмегімен 80-нен астам құқық бұзушылық анықталып, бірнеше қылмыс ашылды. Мектептер мен балабақшалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде, себебі балаларды қорғау – басты басымдық, – деді ол.

Жұмыс сапары кезінде Нығмет Исмағұлов полиция бөлімінің қызметкерлерімен де кездесті. Кеңесте профилактикалық жұмыстардың нәтижелері мен алдағы міндеттер талқыланды. Құқықтық тәртіп саласындағы, соның ішінде интернет алаяқтыққа қарсы профилактика жұмыстарының күшейтілуіне қатысты бөлім басшыларына тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУТ

Мың отбасыға – баспана

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, елімізде 2023 жылдан бастап, әлеуметтік осал топтар үшін тұрғын үйлерді жеке құрылыс салушылардан тікелей сатып алу тетігі іске қосылған. Бұл мақсатқа қажетті қаражат жергілікті бюджеттерден бөлінеді. Осы бағыт аясында аймақтың қалалары мен шалғай аудандарында биыл кезекте тұрған азаматтар үшін 1231 пәтер сатып алу жоспарланып отыр.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласында былтыр 381 пәтер сатып алынса, биыл бұл көрсеткіш 567 пәтерге дейін өсіп, бір жарым есе артты. Әкімдік мәліметінше, сатып алынатын барлық баспана тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабына сәйкес, бірінші кезекте тұрғын үй әлеуметтік осал топтарға беріледі. Барлық сатып алу және бөлу рәсімдері қолданыстағы заңнамаға сай жүргізіледі. Кезектегі азаматтар үшін тұрғын үй сатып алу басталды. Пәтердің ауданы отбасы құрамына қарай белгіленеді.

Облыстың басқа өңірлерінде де тұрғын үй сатып алу жұмыстары қарқын алды. Балқашта – 94 пәтер, Саранда – 90 пәтер, Приозерскіде – 24 пәтер, Теміртауда – 25 пәтер сатып алу жоспарланған.

Ауылдық жерлерде де кезекте тұрған азаматтар қолдаусыз қалмайды. Мәселен, Шет ауданында 92 пәтер сатып алынып, жыл соңына дейін тағы 32 баспана қосылады. Ал, Абай ауданында 129 отбасының тұрғын үй мәселесі шешімін табады.

Сатып алынатын барлық пәтерлер мемлекеттік сәулет, қала құрылысы және құрылыс нормаларына сай болуы тиіс. Олар III-IV қайылық класына жататын, таза әрлеуі бар үйлерден таңдалады.

Қарағанды медицинасының қарқыны

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қоса, заманауи КТ-симулятор аппаратын да айта кеткен жөн. Бұған 1,5 миллиард теңге көлеміндегі қаражат жұмсалыпты. «Мұндай заманауи аппараттар – аурухана үшін зор жетістік» деп есептейді дәрігерлер. Жаңа жабдықтар науқастардың өмір сапасын жақсартқан.

Орта Азияға ортақ орталық

Онкологиялық ауруханадағы ерекше жобалар тек бұл ғана емес. Жуық арада №3 көпсалалы аурухананың базасында ашылған эндоскопиялық оқу-референс орталығын осы тұста атай кеткен жөн. Еліміз бойынша екінші болып, өкірімізде ашылған эндоскопиялық оқу орталығы Қазақстанның ғана емес, Орталық Азия елдерінен келген эндоскопист-дәрігерлердің кәсібилігін шыңдап, диагностиканы жаңа деңгейге көтеретін заманауи білім беру хабына айналмақ. Бұл жоба әлемдік көшбасшы Olymrus компаниясымен стратегиялық әріптестік аясында жүзеге асты.

Заманауи эндоскопиялық орталық Evis X1 эндоскопиялық жүйелері мен жоғары технологиялы симуляторлармен жабдықталған. Осындай оқу үдерісі халықаралық стандарттарға сай кәсіби біліктілікті арттыруға және диагностикадағы озық әдістерді тәжірибеге енгізуге септеседі. Бұл жүйе эндоскопияны жасанды интеллектпен бірге жаңа деңгейге көтеріп, дәрігерге көзге көрінер-көрінбес өте кішкентай ісіктерді анықтауға көмектеседі. Сапалы колоноскопия әдістеріне және ADR (Adenoma Detection Rate – аде-

номаны анықтау көрсеткіші) есебін жүргізуге баса назар аударылады. Бұл көрсеткіш колоректалды обырды (тоқ ішек пен тік ішектің қатерлі ісігі) ерте анықтау мен алдын алуға әсер етеді. Осылайша, бұл жүйе мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Онкологиядағы ЖИ жүйесі

Қазіргі жаһандану дәуірінде медицина саласы да жаңашылдықтан қалыс қалып жатқан жоқ. Мәселен, маңызды әрі алғашқы жоба ретінде Қарағандыдағы онкологиялық аурухананың Call-орталығында жасанды интеллект негізінде жұмыс жасайтын жүйені айтуға болады. 2023 жылдан бері өз тиімділігін дәлелдеп келе жатқан CallBox жүйесі жыл басынан желтоқсанға дейінгі аралықта 12 мыңнан астам өтінішті өңдеген. Қазан айында жасанды интеллект модулі енгізіліп, бір ай ішінде 1876 өтінішті қарады. Науқастар 11 секунд ішінде өтінішке жауап алады. Автоматты жүйе арқылы қабылдауға жазылады, консультация, анықтама алады, шағым немесе пікір бере алады. Жүйе жылдамдықты үш есе арттырып, уақыт үнемдейді.

– Бұл – пациенттермен кері байланыс жасау сапасының жаңа деңгейі. Жүйе әрбір өтінішті тіркейді және біз үшін науқастардың қажеттілігін білуге мүмкіндік береді, – дейді №3 көпсалалы аурухананың бас дәрігері Гамал Токсамбаев.

Технология – адам мүмкіндіктерін арттыратын құрал. Жасанды интеллект техникалық жұмысты орындайды, ал, өзара қарым-қатынас, эмпатия мен кәсіби пайымдау мамандардың қолында қала беп-



реді. Өйткені, онкологияда науқастардың көңіл күйі маңызды. Мұндайда науқасқа әсер ете алатын тек адам ғана.

– Біз CallBox жүйесін Қазақстан денсаулық сақтау саласындағы медициналық мекемелер жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып әзірледік және өз тиімділігін көрсетті. Біз бұл технологияны өңірдегі басқа да медициналық мекемелерге масштабтауға дайынбыз, – деді жобаны әзірлеуші «Синтегра» IT-компанияның бас директоры Владимир Толкачев.

Жаңа технология – жаңа өмір сыйлайды

Қарағанды халқының 2-3%-ы жүрек-шелер фибрилляциясынан туындайтын

аритмия дертіне шалдыққан. Бұл дертті емдеудің заманауи тәсілі – абляция деп аталады. Нақтырақ айтқанда жүрекшенің ақаулы бөлігін күйдіру арқылы жүзеге асады. Күні кеше Қарағандыдағы №2 көпсалалы ауруханасында алғаш рет Новосібірден арнайы келген, аритмияны қатерлік әдіспен емдеу және Zero-fluoro технологиясы бойынша сарапшы дәрігер Илья Стенин жоғары технологиялық әдіс бойынша шеберлік сабақ өткізді. Ота жүрекшілік УДЗ арқылы жүргізілді. Диаметрі небары 5 мм датчиктің көмегімен дәрігерлер жүректі нақты уақыт режимінде көріп, рентген қолданбай-ақ жоғары дәлдікпен жұмыс жасайды. Аурухананың аритмолог-хирург дәрігері Нұрлан Елемес-

совтің айтуынша, мұндай оталардан кейін көптеген науқас қалыпты өміріне қайта оралады.

Ауруханаға алынған жаңа жабдықпен рентгенсіз-ақ ота жасалады және жүрек қуысының ішінен тікелей алынған кескін арқылы дәрігерлер аса жоғары дәлдікке қол жеткізе алады.

Сонымен қоса, кардиологиядағы заманауи технологиялар өңір тұрғындарының саулығы үшін қызмет етуде. Мәселен, күні кеше «Ақжан» клиникасында қауіпті аритмия түрі бар заманауи кардиовертер-дефибриллятор имплантациялау операциясы сәтті жүргізілді. Дер кезінде қойылған диагноз бен заманауи технологиялардың арқасында дәрігерлер науқас өмірін ұзартты. «Ақжан» клиникасында емделген пациенттің аритмолог дәрігері Алексей Бокач:

– Науқас жоғары қауіп тобында болды, ал кешіктіру ауыр салдарға әкелуі мүмкін еді. Кардиовертер-дефибриллятор ауыр жағдайлардың алдын алуға көмектеседі. Бұл мысал – ең алдымен, медициналық сақтандыру есебінен қаржыландырылатын жоғары технологияның маңыздылығын айтынайды, – деді.

Оның айтуынша, мұндай оталар жүрек-кантамыр ауруларынан болатын өлім-жітімді төмендетуде маңызды рөл атқарады. Осылайша заманауи медициналық технологиялардың қолжетімді болуы және дәрігерлердің кәсіби шеберлігі ауыр жүрек ауруларына ұшыраған науқастардың өмірін сақтап, оларға жаңа мүмкіндік сыйлауда.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКАДЕМИК, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ САЙЛАУБАЙ БАЙСАНОВ – 75 ЖАСТА

Көмірдің құнын, темірдің сырын білген

...Ақтөбенің аядай ауылында Шалқарға шомылып өскен тұлымды ұл ай мен жұлдызға тамсанудан, танданудан талмайтын. Ғарыштың ғаламаты, жеті қат көк, сан мың жұлдыз, күс жолы – көз тігер көкжиегі. Сол арманы ай нұрының шуағындай алға жетелеп, қиялына келешегі құлақ түргенде мына төңкерілген аспан әлемі алақанына қонғандай күй кешетін. Сол арман адастырмай, мұра-тына жеткізу үшін Мәскеуге алып-ұшқан. Астрофизика ғылымына ынтызары ауып, дауасын Мәскеудегі физика-техникалық институтынан іздеген жастүлектің уақыт-патша академик атанарын сол сәтте-ақ білді, сірә, білмеді! Бір анығы, сол сәтте-ақ туған ауылы, жері мен елі ақжол тілеп қалғаны анық. Тілеуді Құдай қабыл қылды. Белгілі, бірегей ғалым шықты. Ал, ол – академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көмір күлінен металл алған атақты Сайлаубай Байсанов еді...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлқисса немесе кеннің «күрсінісі»

Даңқты ғалым Сайлаубай Омарұлын металлургтердің мерекесінде кездестірдім. «Күрмет» орденін алып, сахнадан түсе бере, оны ел қауылап, құттықтап жатты. Сол күні ол «Көмірден металл өндіретін зауыт салынып жатыр» деп айтып қалды. Мені бірден селт еткізген – осы. Көмірден металл алу? Бұл қазақ ғылымының жаңа парағы емес пе? Осы сұрақ көкейімнен кетпей жүргенде, көп ұзамай өмірдің өзі мені даңқты металлург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Ұлттық академияның академигі Сайлаубай Байсановпен тоғыстырды. Болат балқытып, марганецтің мінезін таныған, көмірдің ішінен металдың үнін ести алған қазақ ғылымының сирек құбылысымен жүздесу бұйырды. «Қайнап тұрған домна пешіне түсіп, кокстың жауыздығынан бойындағы оттегіден айырылып, төмен қарай қалыпты бойлай, зар еңіреп, жылап аққан темірдің» касиеті мен реакциясын түп-тұқиянына дейін зерттеп, әр реакцияның нәтижесін ғылымға соны жаңалық етіп қосқан академиктің физик-химик-металлург болуының өзі қазақ ғылымы үшін олжа.

1968 жылы мектепті «Алтын медальмен» бітірген Сайлаубай Омарұлы арман қуып Мәскеуге аттанады.

– Оқушы кезімде Мәскеудегі физика-техникалық институтқа түсемін деп мақсат қойдым. Бала күнімнен астрофизика ғылымына құштар болдым. Бозбала шағымда аспандағы ай менен жұлдызға тамсанып, сол жөніндегі колға тиген кітаптарды да құныға оқыдым. Екі жыл бойы әбден дайындалып белімді бекем будым. Ең қызығы, ол жерде одақтағы басқа оқу орындары секілді емтихан тамызда емес, шілде айында басталады. Құжаттарымыды 7 шілде күні апарып тапсырдым. Оқуға түсу үшін 4 пәннен 19 ұпай жинау керек. Виктор деген серігім екеуміз 16 ұпай жинадық. Конкурстан өте алмаған соң күмілжіп, көңіліміз су сепкендей басылып, сәкідө отыр едік, бір мезгілде еңгезердей кісі келіп, «Ей, жігіттер, не істеп отырсыңдар?» деді. Біз болған жайды түсіндірдік. Сөйтсем, ол кісі Мәскеу болат және қорытпалар институтының (МИСИС) деканы екен. Менен «Біздің оқу орнына түссенің бе?» деп сұрады. Оның сөз арасында «Болат балқытамыз, рельс шығарамыз» деген әңгімесі ұнап қалды. Өйткені, мен теміржолшының баласымын ғой. «Барамын!» деп келісім бердім, – деп еске алды Сайлаубай Омарұлы.

Күтпеген ұсыныспен ол тағдырына өзгеріс әкелген шешім қабылдады. Одақтағы бірегей институтқа бірден оқуға қабылданады. Бұл – физика-химиялық металлургия саласына басталған ұзақ жолдың алғашқы басталдағы еді.

– Теміржол рельсінің қалай жасалатынын 1970 жылы Азов Стальда (бұрынғы Жданов, қазіргі Мариуполь қаласы) алғаш көргенде таң қалдым. Зауытта ара-арасында «уффф» деген алапат дыбыс шығады. Сөйтсем, домна пешіне руда жүктей бастаған кездегі 10-15 шақырымдай жерге жететін дыбыс екен. Алып пеш ішіне руда салынып жатқанда осылайша ауыр күрсінеді екен, – дейді ол. Өрине қазіргі пештер бұндай дыбыс шығармайды, бүгінде бәрі жаңаша ғой.

Домнада шойын балқытылады. Әрі қарай шойыннан болат алынады. Болатты берік ету үшін феррокорытпа қосады. Ферромарганец, ферроцилий, алюминий

қосқанда темір тазарады. Таза темір бастапқыда жұмсақ болады екен. Ал, темірдің зар еңіреп, жылайтынын Сайлаубай ағадан білдім. Темір де жылайды екен.

– Темір рудасы мен кокс домна пешіне түскен соң кокс оттегіні тартып алады. Темір жалаңаштанып, «жылай» бастайды. Балқып, төмен қарай ағады. «Зарлап» ағып бара жатқан темір, жоппыбай көміртегіні 4 пайызға дейін бойына сіңіріп (ерітіп) алады. Домнадан 4 пайыз көміртегі, 95 пайыз темір балқымасы шығады. Қалған 1 пайызы түрлі коқыстар. Осылайша 1,6-1,8 тонна темір рудасынан 1 тонна шойын аламыз. Енді кіріп кеткен көміртегіден құтылу керек. Ол үшін шойынды конвертерге салып, үстінен труба (фурма) арқылы 18 атмосфералық ауамен үрлеп, көміртегіні «айдап» шығамыз. Көміртегінің пайызы 0,5 пайызға дейін азайған соң темір тағы «зар жылай» бастайды. Енді ол 0,05 пайыз оттегіні бойына сіңіріп алады.

Темір тазарды, бірақ, оттегі кіріп кетті. Мөлшері аз болса да, оттегі темірді ішірте бастайды. Темірді дат басатыны содан. Енді тазарған темірдегі оттегіден арылу үшін кремний, алюминий, марганец деген металдарды қоса бастаймыз. Бұлар оттегінің атомдарын темірден «тырқыратып» қуып шығады. Осылайша, темір тазарып, мөп-мөлдір болады. Кейін қажетті металл коспаларды (феррокорытпаларды) қосып, болат аламыз. Бүкіл қара металлургияның мәнісі осындай: тұтас алғанда ол негізінен үш бөлшектен тұрады: шойын, болат, феррокорытпа өндірістері, – дейді ғалым.

Металлургияның нәзік те күрделі табиғаты оны біржола баурап алады.

Мәскеудегі алты жыл һәм Қазақстан

Алты жылдық тыңғылықты білім, терең ізденістен кейін жас ғалымды 1974 жылы Украинаның бір алып зауытына жібермек болады. Мәскеудегі Қара металлургия министрлігі кадр бөлімінің басшысы Казанжаян деген еңгезердей армян жігіт: «Оқуыңды озат бітіріпсің, құрысың ғой Украинада. Сендей білікті жастар Отанды да керек. Еліне қайт» депті кесіп-пішіп.

Сол бетінде Сайлаубай Омарұлы қолында дипломы мен «Госплан Казахский ССР» деген жазу бар жолдамамен Алматыны бетке алады. Ғылым академиясының кадр бөлімінің басшысы Виктор Исаковқа жолығады.

Құдай жолын оңғарған жас маман Виктор Николаевичтің ұсқауымен, ХМИ директоры Жантөре Әбішевтің шақыртуымен кеншілер астанасы Қарағандыға топ ете қалады. Үйленген, бір баласы бар. Қарағанды үймен, жұмыспен қамтамасыз еткен.

Феррокорытпа зертханасына келгеннен кейін Сайлаубай Омарұлы бірден жұмысқа кіріседі. 1974-1984 жылдар аралығында зертхана меңгерушісі Төкен Ғабдуллиннің және академик Евней Бөкетовтің жетекшілігімен Қазақстандағы марганец рудаларын жан-жақты зерттейді.

ХМИ ұжымы өзінің нәжіжелі зерттеулері негізінде 1985 жылдан Қазақстан рудаларын өзімізде балқыту туралы Үкіметке ұсыныс жасай бастады. Ақсу феррокорытпа зауытының бір цехын марганецке бейімдеу жобасын біздің институт Харьковтегі Гипросталь мекемесімен бірлесе отырып, толығымен әзірлеген. Бірақ, КСРО-да марганец өндірісі Украинаға бағынышты болғандықтан, жоба ұзақ жылдар бойы өткізілмей қалады.

– Украина біздің руданы шикізат ретін-



ды. Екібастұздың, Борлының көмірінен таза алюминий, кремний және темір алуға мүмкіндік туады. 1992 жылы Ресейдің Каменск-Уральск қаласында 15 мың тонна көмір балқытылып, 3 мың тонна металл алынған. Сол тәжірибе отандық өнеркәсіпте жаңа мүмкіндік туғызды.

Осылайша, 1993-2001 жылдар аралығында Екібастұздың қалталы азаматы Болат Әміргалиевтің қолдауымен бірнеше пеш салынып, 25 мың тонна ферросиликоалюминий өндірілген.

– Металлургтердің 100 жылдық ар-

Сайлаубай Омарұлы – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері (2001 ж.), Академик Евней Бөкетов, Өмірбек Жолдасбеков атындағы сыйлықтардың лауреаты, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2019 ж.), Еңбек ардагері (2020 ж.), «Күрмет» орденінің иегері (2025 ж.).



Сайлаубай Омарұлының сол кездегі Премьер-Министр Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан Мемлекеттік сыйлық алу сәті

де алып, өздерінің фосфорлы марганецін тазарту үшін қолданатын. Сондықтан, бізге жол бермеді, – дейді Сайлаубай аға.

1980 жылдардың ішінде ХМИ-де марганецке қатысты барлық ғылыми база қалыптасып, қай кен қай жерде орналасқанын, оны қалай өңдеп, қандай тәсілмен металл алуға болатынын институттың 20-ға жуық ғалымы толық зерттеп, жүйелеп қойған еді. Бұл тартыс 15 жылға созылады. Тек, 1996 жылы Ақсудағы алғашқы цех алты пешімен марганецке ауыстырылып, Қазақстан ТМД кеңістігінде жетекші марганец өндірушілердің біріне айналады. Бұл кезде Сайлаубай Омарұлы – ғылым кандидаты, зертхана жетекшісі еді.

Жүз жылдық арман

Ал, 1980 жылы Сайлаубай Омарұлы ғылымдағы ең күрделі жобалардың біріне кіріседі. Бұл – көмірден бөлінетін күлден металл алу идеясы. Бұл тың бағытты оған академик Евней Арыстанұлы ұсыныпты. 12 жылдық зерттеу барысында (1980-1992) Сайлаубай аға және оның командасы күлді металлға айналдырудың нақты химиялық механизмін табады. Ол үшін құрамында күлі көп көмірді іздейді.

– Жер астында бойында бізге керек касиеттерге бай, пешке салып, металл ала беретін көмір барын сездік. Сөйтсек, айналдырғанда сондай көмір толып жатыр екен. Ол – Борлының көмірі. Қарағандының көмірінде 17-25 пайыз табиғи күл болса, Борлынікінде 35-57 пайызға дейін күл бар. Екібастұзда да бар екен. Жалпы, кез келген көмірдің бір тоннасында 100 келідей алюминий, 160-170 келі кремний, 30 келідей темір бар. Сонда 3 тонна көмірден 1 тонна металл аласыз, – дейді ғалым.

Ал, осы көмірді балқыту пешіне салған кезде жүретін 18-дей химиялық реакциялардың ішінде тек екеуі ғана металл беретінін анықтап, қалған 16 реакцияны «ноқталап» тоқтату тәсілін ойлап таба-

маны – алюминийді көмірден алу еді. Біз соны жүзеге асырдық, – дейді Сайлаубай Омарұлы. Осыған дейін осы бағытта қаншама ғалым зерттеу жүргізіп, көмірден металл алудың тұрақты және тиімді технологиясын таба алмаған. Ал, бұл сұңғыла ғалым Сайлаубай Омарұлының тағдырына жазылған миссия болатын.

1982 жылы Сайлаубай Омарұлы марганец тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Ғылыми жұмысының тақырыбы – «Марганецті феррокорытпалар өндіру үшін қож құрамын таңдаудың физика-химиялық негіздемесі».

Ал, 2002 жылы ол көмірден металл алу тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Бұл – оның ғылыми өміріндегі ең ауыр, әрі ең нәтижелі кезеңінің бірі.

Елу жылдық адалдық

Сайлаубай Омарұлы елу жылдан бері Химия-металлургия институтында еңбек етіп келеді. Инженерліктен бастап, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі, директордың орынбасары және 2017 жылдан бері институт директоры қызметінде. Металлургиялық балқымалар зертханасын басқарған жылдары ол әр элементтің «мінезін» зерттеуге ден қойды. Айта кетерлігі, ХМИ – өзін-өзі қаржыландыратын мекеме. Мемлекеттен тікелей қаржы аса көп бөлінбейді. Бұл жағдай институт басшылығынан және зертхана меңгерушілерінен ерекше ұйымдастырушылықты талап ететінін айрықша атап өткен жөн.

Сайлаубай Омарұлы 2001 жылы өзі жетекшілік еткен тобымен бірге техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұл – институт тарихындағы, кеншілер өлкесінің тарихындағы елеулі оқиға. Сонымен қатар, Сайлаубай Омарұлы мен оның командасы осы бағытта Мемлекеттік сыйлық алған тұңғыш ғалымдар еді...

Өнегелі ғылым жолындағы шәкірттерінің алды – ірі зауыттардың басшылары. Ақтөбе феррокорытпа зауытының директоры Ержан Абдуллабеков, Ақсу феррокорытпа зауытының директоры Мұсабек Жамансарыұлы – осы мектептің түлектері.

Батыс Қазақстан аумағында ұзақ жылдар металлург, кенші, инженер дайындайтын жоғары оқу орны жоқтықтан, зауыттар мамансыз қалған еді. 1996 жылы Сайлаубай Омарұлы Ақтөбе педагогикалық институтында тұңғыш рет металлургия кафедрасын ашуға мұрындық болды. Ғалым

досы Жұбатхан Избенбетовпен бірге кадр тапшылығын шешу жолдарын тапқан.

Онда I-II курстың пәндерін жергілікті оқытушылар жүргізсе, III курстан бастап, Сайлаубай аға өз лабораториясындағы білікті кадрларын Ақтөбеге жібереді. Институт ректоры Кенжеғали Кенжебайұлы келген мамандардың барлығын басапамен қамтып, кафедраның беделін арттырыпты. Кафедра-ректор-өндіріс компаниясы арасында ұшжақты келісім жасалып, жыл сайын бөлінетін гранттардың басым бөлігі осы мамандыққа бұйырды. Сөйтіп, кафедрада оқитындардың саны 780-ге дейін жетті.

– Қазір Ақтөбе мен Ақсудың феррокорытпа зауыттары – өзіміз дайындаған мамандарға толы. Директорлары да – біздің түлектер, – дейді Сайлаубай Омарұлы.

Ұстаздың мектебі және ғалымның өзі

Евней Арыстанұлына аспирант болып қабылданған күн – Сайлаубай Байсанов үшін жаңа өмірдің басы еді. «Қай саланы таңдайсың? Қандай проблеманы шешкің келеді?» деген ұстазының сұрағына ол: «Марганец» деп батыл жауап берген. Бөкетов сол сәттен бастап, оның бойындағы бар қабілетті «оятатын» катал мектепті бастады.

Екі ай бойы ұйқысыз түндер, үйілген кітаптар, ақтарылған теориялар. Күнде Евкеннің алдына барып, алдағы жұмыс туралы ойыңды тиянақтап айтуың керек. Ол үшін түсіну аз, санаға сіңіру керек. Сол екі ай Сайлаубай ағаның болашағын өзгертті. Ғылымға тек қабілетпен емес, еңбекпен, төзіммен кіресің деген қағиданы ол сол кезде түйсінді.

Осы мектепке шыңдалған кандидаттық диссертациясының сәтті болғаны соншалық, кейін екі ғалым оның теориясы мен технологиясын бөліп алып, докторлық жұмысқа айналдырған. Бұл – шәкірт пен ұстаздың еңбегіне, ұстаздың көрегендігі мен бағыт-бағдарына берілген баға еді.

Бұл әулеттен ғылымға да, теміржолға да, елге қызмет еткен талай адам шыққан. Өзінің ұлы Әлібек – ХМИ-дың зертхана меңгерушісі, ғылым кандидаты, профессор, Минералды ресурстары академиясының академигі, қызы Кәмшат – ҚарҰЗУ-дың оқытушысы.

Түйін

Сайлаубай Байсанов – болатты балқытып, марганецтің мінезін таныған, көмірдің ішінен металдың үнін ести алған қазақ ғылымының сирек құбылысы. Оның өмірлік қағидасы біреу: «Ғалымның ең үлкен еңбегі – өзі жасаған жаңалық емес, өзінен кейін қалған шәкірт». Қазақ металлургиясының іргелі мектебі мен үлкен жүрегі – дәл осы Сайлаубай Байсанов.

Еңдесе, мерейлі 75 жасқа толған аңыз тұлға Сайлаубай Омарұлына мықты денсаулық, мол шығармашылық табыс тілейміз!

Суреттер кейінкердің жеке мұрағатынан

• КӨРМЕ

Шынайы шеберлік шектелмейді

Құдайдың өзі адамға бере салған қабілеті қайтсе де жарып шығарып хак. «Біз бәрін істей аламыз» ұранымен ұйымдастырылған жәрмеңке ерекше балалардың дара дарынын тағы бір мәрте жария етті. «BIZBEN BIRGE BOL» интеграциялық орталығының тәрбиеленушілерінің мұндағы мақсаты – қаражат жинаудан бұрын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар 16 жастан асқан балалардың шығармашылық қабілетін шыңдау.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жәрмеңкеде ағаштан жасалған бұйымдар, тоқыма өнімдері, қолөнер заттары және кулинарлық тағамдар көрмеге қойылып, келушілерге сатылды.

– Біздің негізгі мақсатымыз – менталды ауытқушылығы бар жастарды көпшілік ортаға бейімдеу. Бұл санаттағы балалардың көпшілігі мектеп-интернатты бітірген соң үйінде қолдай қояды. Біз оларға әлеуметтенуін жалғастыруға,

еңбек дағдыларын дамытып, болашақта жұмысқа орналасуына мүмкіндік береміз. Жәрмеңке арқылы қоғамға біздің тәрбиеленушілердің де пайдалы, өз бетінше еңбек ете алатындығы көрсеткіміз келеді, – дейді орталық басшысы, «Асет inclusive» қоғамдық бірлестігінің басшысы Әсел Бекбаева.

Бүгінде орталықта әлеуметтік-психологиялық қолдау, тұрмыстық дағдыларды үйрету, шығармашылық бағыттарды дамыту, кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

Интеграциялық орталықтың ішкі құрылымы ерекше практикалық форматта ұйымдастырылған.

Инклюзивті кафе мен асуі-студияда жасөспірімдер жартылай фабрикактар, нан-тоқаш өнімдерін, жент, тәттілер дайындауды меңгереді. Тоқыма шеберханасында сөмке, әмбиян, киім тоқу арқылы машықтанып, әрі шығармашылығын аша түседі.

Баристика және сервис бағытында екі жас жігіт кофе әзірлеуді меңгеріп, қоғамдық ас ішетін орындарға жұмыс істеуге әзірлік үстінде. Кофе-графика жобасы аясында кофе сусындарымен сурет салу арқылы қиялды дамытатын ерекше жаңа жоба қолға алынды.

– Біз үшін – балалардың өздерін қоғамда толыққанды, тең сезінуі маңызды. Бір сағат өзімен құралпы

жастармен араласу кейде бір сағат психологпен жұмыс істегеннен де пайдалы. Алдағы көздегеніміз осы жобаны – облыстың басқа аудандарына да тарату. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүмкіндігі шектеулі жастарды тұрақты жұмыспен қамтуға болады. Әсіресе, әлеуметтік кәсіпорындар ғана бұл санаттағы балаларды еңбекке тартудың нақты жолын ұсына алады. Егер бұл бағыт қолдау тапса, олардың өмірін түбегейлі өзгерте алатын үлкен мүмкіндік, – дейді Әсел Шаймуратқызы.

Жәрмеңкеден түскен қаражат жаңа жылдық сыйлықтар алуға және тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыруға жұмсалады. Барлық қаржының жұмсалуды да ашық түрде, әлеуметтік желі арқылы жарияланады.

• ТАҒЫМ

Қаламгер мұрасы ұрпақ еншісіне

Облыстық мемлекеттік архивіне Қазақстанның Құрметті журналісі, облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы Сұлтан Кемелбаевтың жеке құжаттары тапсырылды. Салтанатты іс-шараға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы және марқұмның үзенгілес достары, ардагер журналистер қатысты. Сонымен қатар, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Ерcін Мұсабеков пен облыстық «Индустриальная Караганда» газеті бас редакторының міндетін атқарушы Станислав Песнев те құрметті меймандардың қатарында.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңынан өшпес із қалдырған қаламгердің жеке мұрағатындағы құжаттарды облыстық мемлекеттік архивіне отбасы тапсырыпты. Жалпы 30-ға жуық құжат. Қызы Сәуле Кемелбаева «осы қадам әкеміздің ел үшін жасаған еңбегін ел жадында сақталуы үшін аса маңызды» деді.

— Әкеміздің жеке құжаттарын түгел тапсырдық. Өмірбаяны,

шығармашылық жолы, әкімшілік жұмыстағы құжаттары, барлығы дерлік архивке табысталды. Әкем өзінің саналы ғұмырын, күш-қайратын облыстың өркендеуіне арнады. Журналистика саласында тер төкті. Өңірдің барлық жетістігін, күнделікті өмірін қаламына арқау етті. Облыстық «Индустриальная Караганда» газеті де маңызды құжаттарын табыс етті. Мақалалар, очерктер енді жас ұрпақтың еншісіне, — деді Сәуле Кемелбаева.

Сұлтан Кемелбаев облыстық «Индустриальная Караганда» газетінде 13 жыл бас редактор болды. 1946 жылы 6 қыркүйекте Балқаш қаласында туған. Өзінің еңбек жолын Балқаштағы кен орындарының бірінде электрик болып бастаған. Ленинградтағы мемлекеттік университеттің журналистика кафедрасын тәмамдаған талантты һәм білімді журналист «Индустриальная Караганда» газетіне 1974 жылы корреспондент болып қызметке

орналасқан. Алматыдғы жоғары партиялық мектептің де түлегі. «Труд», «Рабочая трибуна», «На гора» газеттерінде де қызмет атқарған. «Вечерняя Караганда» газетінің бас редакторы да болған. 1993-2006 жылдар аралығында «Индустриальная Караганда» газетінің ұжымын басқарды. 2006 жылы «Шахтерская неделя» газетін де тізгіндеді.

Ардагер журналист, Сұлтан Кемелбаевтың қаламдасы, үзенгілес досы Аман Жанғожин архивке тапсырылған құжаттар студенттердің дипломдық жұмысына арқау болатынын айтты.

— Сұлтан Кемелбаев — өте білімді, биік тұлғалы еңбеккер азамат еді. Кез келген тақырыпқа бара алатын өрелі журналист. Мұндай тұлғаның мұралары келешекте зерттелуі тиіс. Әсіресе, болашақ журналистер оның еңбектерін дипломдық жұмыстарына арқау етіп, үлгі алуы маңызды, — деді Аман Жанғожин.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы салтанатты іс-шараға келіп, құттықтау сөзін айтты.

— Бұл іс-шара тек бір ғана адамның ғұмырын ұлықтау емес, сол тұлғаның қаламына арқау болған тұтас өңірдің тарихына тағзым болып табылады. Өткенді ұлықтап, келешекке ізгілікпен қадам басу — жақсылықтың нышаны. Сұлтан Кемелбаевтың өмірлік жолы — мамандығына адалдық пен кәсібиіліктің озық үлгісі. Ол журналистикадағы еңбегімен, елге деген махаббатымен жас ұрпақтың жадында сақталмақ, — деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕШ

Бай-Өлкеден ескен әуен

Алтай – түркі мәдениетінің алтын бесігі. Түркітектес халықтардың түп-тамыры осы ұлы мекеннен тарайтыны әмбеге аян. Заманның талай алмағайып сәттеріне үнсіз куә болған асқақ Алтайдың ар жағында бүгін де өз ұлтымыздың өкілдері, қаракөз қандастарымыз өмір сүріп жатыр. Сол алыстағы ағайынның сағынышқа толы ән керуені күні кеше Бай-Өлкеден атажұртқа ат басын тіреп, Теміртау жұртшылығымен қауышты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақы дәстүрін бұзбай, ұлттық болмысын берік сақтаған өнерпаздарды қала тұрғындары зор ықыласпен қарсы алды. Теміртау мәдениет сарайында өткен ән кешінде залда ине шұшар орын болған жоқ. Кеш иесі, Монғолия мәдениетінің озат қызметкері Ақтанберді Азатұлы – терме өнерінің танымал өкілі, ән қоржынында 130-дан астам туынды бар шебер орындаушы.

Өнерпаздар қатарында бұлбұл үнді, Монғолия мемлекетінің озат қызметкері Сәттігүл Құмарханқызы, қоңыр дауысты опера әншісі Манатхан Тілегенұлы, сырлы үнді Молдабек Абылайханұлы және жас сазгер Оразбек Сейтахметұлы болды. Олардың орындауындағы

Бай-Өлкеден жеткен әуендер өзіне тән мақамы, өзгеше пірімімен ерекшеленіп, тындарманды бірден баурап алды.

Құрыш қаланың тұрғындары алыстағы ағайынның өнерін аңсап күткенін көрсеткендей, кеш бойы ерекше ықылас танытты. Зал толы көрерменнің көлдей көңілі мен қуанышы құлды бір Бай-Өлкедегі қазақ ауылының думанды кеші іспетті. Көрермендер шат-шадыман күйге бөленіп, көшпелі өмірдің көне сарындарын жүрегімен сезінді.

Кеш соңында халық сахнаға шыққан өнерпаздарға тік тұрып құрмет көрсетіп, алғысын жаудырды. Бай-Өлкенің мәдени болмысын, ән мұрасын паш еткен бұл әсерлі кеш жиналған жұрттың жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Сурет автордан

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» биыл чемпион бола ма?

Хоккейден ел чемпионатының аяқталуына да шамалы күндер қалды. Ал, қарағандылық «Сарыарқа» клубы – чемпиондыққа таласатын басты үміткерлердің бірі. Қазіргі таңда жерлестер турнир кестесінде – I орында. Дегенмен, «қубокты төбеге көтереді» деуге әлі ерте. Себебі, турнир кестесінде II орында келе жатқан елордалық «Nomad Astana» клубының ойналмаған әлі сегіз ойыны бар...



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер соңғы бес ойында жеңіске жеткен. Атап айтсақ, павлодарлық «Ертісті» өз алаңында ойсырата жеңсе, сырт алаңда «Ақтөбеден» басым түсті. Ал, күні кеше атыраулық «Бейбарыспен» сырт алаңда кездесіп, 2:1 және 7:2 есебімен жеңіске жетті.

Атыраулықтармен өткен бірінші кездесуде ең бірінші болып, алаң иелері есеп ашқан болатын. Жерлестер тек ойынның үшінші бөлігінде ғана қос гол салып, камбэк жасады. Бұл жолы 42-минутта Данила Карабан, 55-минутта Эдуард Михайлов көзге түсіп, командаға жеңіс сыйлады.

Қарымта кездесуде «Сарыарқа» белсенділік танытты. Бірінші айналымның өзінде үш гол салып, есепте алға шықты. Ал, екінші айналымда – 2:1, үшіншісінде 2:1 есебі тіркеліп, ешқандай қиындықсыз жеңіске жетті.

Қазіргі уақытта турнир кестесінің көшін

бастап тұрған жерлестердің еншісінде – 50 ұпай бар. Алдағы уақытта жерлестер сырт алаңда «Алматымен» ойнайды. Одан кейін өз алаңында қайтадан «Бейбарысты» қабылдайды. Егер жерлестер қос кездесуде жеңіске жетсе, ұпай саны 62-ге артады.

Ал, турнир кестесінің екінші сатысында келе жатқан елордалықтар «Nomad Astana» клубының еншісінде – 48 ұпай. Одан бөлек, оларда әлі ойналмаған сегіз ойын бар. Сол сегіз ойынның кемі төртеуінде жеңіске жетті делік. Сонда, қоржынындағы ұпайы 60-қа толады екен. Жерлестер биыл чемпион болуы үшін елордалықтар қалған сегіз ойынның төртеуінде жеңіліс табуы тиіс. Сонда ғана «Сарыарқа» чемпион болады. Бірақ, маусым бойы үздік нәтиже көрсетіп келе жатқан «Nomad Astana» клубы чемпиондыққа талас кезінде қалған ойындарда ұпай жоғалтпай анық...

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БОКС

Жерлестер жарап тұр

Бокстан Дубай қаласында ерлер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында отандастарымыз сәтті өнер көрсетуде. Ал, ұлттық құрама сапындағы қарағандылық боксшыларымыздың да нәтижесі көңіл көншітерлік. Бүгінде Абылайхан Жүсіпов пен Сабыржан Аққалықов жарыс жолын жалғастыруда. 92 келі салмақта жұдырықтасқан жерлесіміз Нурмагамед Юсупов өкінішке қарай жарыс жолынан шығып қалды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бесінші жарыс күнінің нәтижесіне үңілсек, 1/8 финалға шығынсыз өткен жалғыз команда – Ресей құрамасы. Чемпионатқа келген 13 боксшысының бәрі де әлі жарыс жолында. Ал, ширек финалға шыққан боксшылар саны бойынша II орында Өзбекстан құрамасы тұр. Бүгінде құрамаларындағы 11 спортшы осы кезеңге дейін жеткен. Үздік үштіктің қатарына Қазақстан боксшылары еніп отыр. Жарыс жолы басталғалы бері 10 боксшымыз сүрінбей, ширек финалға дейін жетіпті.

92 келіге дейінгі салмақта өнер көрсететін Нурмагамед Юсупов алғашқы күні тәжікстандық Навруз Джафоевпен жұдырықтасқан болатын. Нәтижесінде, жерлесіміз қарсыласын бірінші раундта-ақ нокаутқа түсіріп, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтаған болатын.

1/8 финалдық бәсекеле жерлесіміздің қарсыласы Париж Олимпиадасының қола жүлдегері, әрі екі дүркін Әлем чемпионатының қола жүлдегері испандық Энмануэль Рейес Пла еді. Өкінішке қарай жерлесіміз қарсыласынан айласын асыра алмады. Осылайша, жерлесіміз ұлттық құрама сапында дәл осы кезеңге дейін жарыс жолынан шығып қалған екінші спортшы еді. Бұған дейін 80 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен қазақстандық Ерсұлан Жақпеков жарыс жолын тәмамдаған болатын.

Жарыстың екінші күнінде өнер көрсеткен 75 келідегі Сабыржан Аққалықов Сейшел аралдарының боксшысы



Джошуа Аарон Казенмен қолғап түйістірген. Сабыржан үшін бұл кездесу аса бір қиынға соққан жоқ. Кездесудің алғашқы раундында қарсыласын нокадауға түсіріп, есеп ашты. Ал, екінші раундта толық басымдық көрсетіп, қарсыласын сұлатып тастады. Осылай, жерлесіміз бірінші жекпе-жегің нокаутпен аяқтап, келесі кезеңге жолдама еншілеген болатын.

Ал, 1/8 финалдық айкасында Сабыржан Жаңа Зеландиядан келген Таухиримати Тохерири-Халлеттпен кездескен болатын. Нәтижесінде, бұл кездесуде қарсыласын 5:0 есебімен жеңіп, келесі кезеңге жолдама еншіледі. Енді жерлесіміздің келесі қарсыласы World Boxing нұсқасы бойынша 2025 жылғы

Әлем чемпионы өзбекстандық – Фазлиддин Эркинбоев.

71 келіде шаршы алаңға көтерілген Абылайхан Жүсіповтың алғашқы қарсыласы Армения боксшысы – Арарат Харутонян. Бұл боксшымыз да алғашқы

минуттан бастап, бірінші нөмірде жұмыс істеп, қарсыласын соққының астына алды. Бұл раундты төрешілер 5:0 есебімен Абылайханға берген болатын. Екінші раундта жерлесіміз қарсыласын құлатып, есеп ашты. Десе де, қарсыласы Арарат орнынан тұрып, кездесуді жалғастырған еді. Үшінші раундта да дәл осы қарқынмен қарсыласын нокадауға түсірді. Жерлесіміз бірінші кездесуде таза жеңіске жеткен болатын.

1/8 финалда жерлесіміз белоруссиялық боксшы Александр Радионовпен кездесті. Төрешілер шешімімен жеңіс Абылайханда. Есеп – 5:0. Осылайша қарағандылық боксшы 1/4 финалға жолдама еншіледі.

Сурет ҚБФ

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 495 №137 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.
Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА	Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР		